

## №43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

### №3 Өндірістік жиналыс хаттамасы

Наурыз

#### Күн тәртібіндегі мәселелер.

1. Медқызметкердің жарты жылдықта жасалынған жұмыстарының қорытындысы.
2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру. (шұғыл тексеру)
3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

#### Медқызметкердің жарты жылдық жұмыс қорытындысы

**Баяндамашы:** Медбике Жарты жыл ішінде балалардың денсаулығы бақылауда ұсталды. Таңертеңгі фильтрлер күнделікті жүргізілді. Ата-аналарға жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша кеңес беріліп отырды. Балалардың бойы мен салмағы тіркеліп, жас ерекшеліктеріне сай талдау жасалды.

Сондай-ақ, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша тәрбиешілерге нұсқаулық жүргізілді. ЖРВИ, тұмау, ішек аурулары бойынша алдын алу шаралары жасалды деді. Балалардың антропометриялық өлшеу кезінде бойы өсіп, салмақ қосқандарын айттып өтті. Бақшада күн тәртібі ретімен сақталатынын, үнемі шынықтыру, сауықтыру шаралары жүріп тұратынын айтып өтті. Әр 2 айда спорттық сайыстар өткізілгенін, балалардың қатысуы жоғарылағанын айтып өтті. Ас мәзірінің құнарлы тағамдармен толықтырылғанын, алма, банан, иогурт беріліп тұратынын айтты. Дене шынықтыру сабағын үнемі үздіксіз жүретіні де айтылды.

#### 2. Ас блогының санитарлық талаптар мен ережелерге сәйкестігін тексеру (шұғыл тексеру)

**Баяндамашы:** Шаруашылық меңгерушісі және меңгеруші орынбасары

Ас блогына шұғыл тексеріс барысында бірқатар кемшіліктер анықталды: Ыдыс-аяқтарды сақтау ережесінің бұзылуы, Тағам қалдықтарын уақытында шығару тәртібі сақталмаған, Газалық журналдары толық толтырылмаған.

#### 3. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу

**Баяндамашы:** Меңгеруші / Медбике

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау – басты міндет. Балабақшада өрт қауіпсіздігі, алғашқы көмек көрсету, жазатайым жағдайлардың алдын алу бойынша тәрбиешілерге, көмекші персоналға нұсқаулық жүргізілді.

Серуен кезінде, сабақ уақытында және демалыс сәттерінде қауіпсіздік шаралары күшейтілді деді.

Барлық күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтіліп, бақылау шаралары жалғастырылады.

#### Шешім:

Барлық қызметкерлерге қауіпсіздік нұсқаулықтарын қайта өткізу (қол қойғызу арқылы)

Қауіпсіздік бұрыштарын барлық топтарда жаңарту

Ойын алаңдары мен жабдықтарын техникалық тексерістен өткізу  
Ас блогының санитарлық жағдайын қатаң бақылау

Жиналыс төрайымы:  
Жиналыс хатшысы:

Шокпарова К.Т.  
Мұсағалиева Рита Ержанқызы